

## «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шакирова Динара*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы*

*Алматы, Қазақстан.*

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Тіл ғалымдарының деректерін негізге ала отырып, қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерсек, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері болған.

Жалпы, аударма – тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам дамуының, қоғам құрылымына әсер еткен экстралингвистикалық факторлардың бір көрінісі. Жазылған туынды ретіндегі аударма әдебиеттің ұлттық мәдениеттегі орны мен оның сапасының қандай екендігімен анықталады.

Қазақ әдебиетінде қазіргі заманғы көркем аударма жасау дәстүрі 19 ғ-дан басталады. Абай неміс ақыны Гетенің, орыс ақындары Ю.Лермонтовтың, А.Пушкиннің жекелеген шығармаларын қазақ тіліне ерекше көркемдікпен аударды, Ы.Алтынсарин орыс педагогы К.Д. Ушинскийдің, Шәкерім Құдайбердіұлы Л.Толстойдың шығармаларын аударып, көркем аударманың дамуына ықпал етті. Аударма оқырманды шығармамен, зерттеушімен, автормен және басқа халықтар әдебиеті, мәдениеті, өмірімен таныстырады. Аударма әдебиеттің, тілдің, мәдениетаралық қатынастың құралына айналады.

Аудармада түрлі эмоцияны, әрқилы сезім-күйді жеткізу кезінде ауыздан шығатын сөзбен бірге түрлі қимылдар, бет-пішін өзгерісі қызметке кірісетіні көпке белгілі. Айталық: ашулану, қатты қуану, шаттану, ренжу, мақұлдау, өкпелеу, ризалық таныту, қарсыласу, жақтырмау, ұнату, кею, жұбату, т.б. еркін қатыса береді. Осы аталған күйлері сияқты түрлі әрекеттер ақпарат жеткізудің, қарым-қатынастық хабарлама жеткізудің тілдік емес амалдары болып табылады, олар тілімізде көптеп кездеседі. Осындай кезде сөйленіспен қатар ым мен ишарат жарыстыра орындала бастайды.

Ғылымда бейвербалды амалдарды (ым-ишарат) паралингвистика саласы зерттейді. Паралингвистика ғылыми ағым ретінде Э.Холл, Т.Себеон, Л.Вест, Дж.Трейгер сынды Америка ғалымдарының еңбектерінде салыстырмалы түрде жаңадан (XXғ. 50ж.) бастама алды. Паралингвистика қатысымға түсушілердің сөйлеу қатынасын құптау факторларын зерттейтін жаңа тілдік пән болып табылады. Паралингвистика дегеніміз – а) сөйлеу хабарламасына ене отырып, вербалды амалдармен бірге мазмұнды ақпарат беретін бейвербалды амалдарды

зерттейтін тіл білімінің бөлімі; ә) сөйлеу коммуникациясына қатысатын бейвербалды амалдардың бірлігі екен [1, 264б.].

Паралингвистика шеңберінде универсалдық, этнолингвистикалық, идиолектілік құрамдас бөліктері ажыратылады. Сондықтан паратілдік амалдар вербалды ақпараттардың мазмұнын толықтырып қана қоймайды, сонымен бірге сөйлеуші жайында, оның әлеуметтік, жастық ерекшеліктері, мінез-қасиеттері туралы хабар береді.

Қатысымның бейвербалды амалдарын жинастыру, топтау, түрлі деңгейдегі тілдік сараптама жасау мен паратілдік амалдардың түрлерін анықтау, сонымен бірге олардың көп мағынаны білдіруін зерттеу арқылы тілдің лексикалық және грамматикалық сипаттары жөніндегі түсінігімізді тереңдетуге, тілдік бірліктердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын толық ашуға, тіл білімі теориялық және практикалық мәліметтерді, түсінігімізді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Біз «Абай жолы» романындағы ым-ишараттар мен олардың аударылу ерекшеліктерін қарастыра келе, өз тарапымыздан классификация ұсына отырып, ым-ишараттардың қолданылу дәрежесіне сәйкес, статистикалық мәлімет келтіреміз. Соның негізінде, аударматанудың негізгі мәселелерін ашып түсіндіруге, орыс және қазақ мәдениаралық қатысымының өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау, жаңа бағыт паралингвистиканың зерттелуі, оның өзіндік ерекшеліктері, өз халқымыздың төл мәдениетін терең меңгеріп, өмірдегі маңызын түсіне білу, мәдениаралық қатысымда туындайтын әртүрлі жағдайларда ұтымды жол табуға көмектесетін мінез-құлық стратегиясын үйрену, бейвербалды амалдардың тілдік амалдармен пара-пар екенін дәлелдеу т.б. зерттеулер мақаламыздың негізгі өзектілігі болып табылады.

Мысалдарды келтіре отырып, аудармадағы бейвербалды амалдардың тілдік ерекшелігіне назар аударып көрейік.

#### **I. Орыс тілінде баламасы жоқ ым-ишараттар.**

Бұл ым-ишараттарға тоқталатын болсақ, олар тек қазақ халқына тән, қазақ болмысын (менталитет), салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын, т.б. танытатын ым-ишараттар тобы болып табылады. Соған мысалдар арқылы көз жеткізсек:

1. -Бәрәкалла, бәрәкалла... бирахматика я архамәр-рахимин, - деп отырып, Абайға *қол жайып бата берген-ді* [2, 25 б.].

-Аллах милосердный и всемилостивый да пошлет блага свои и щедрой милостью своею да наградит его, - торжественно произнес мулла и, *подняв ладони, благословил* Абая [3, стр.42].

**Қол жаю** - алақаны жоғары қаратыла ашылған қолды кеуде тұста ұстау [4, 85 б.].

Бұл - Құран оқып болған кезде жасайтын ишарат. Құран - Ислам дінінің негізі. Исламда дұға-тілек ету Құранда көрсетілген.

Орыс халқында мұндай ырым-дәстүрлер кездеспейтіні белгілі. Орыс халқы дұға-тілекті қолдың саусақтарын маңдайына және екі иығына тигізу ишараты арқылы жүзеге асыратыны белгілі. Міне, келесі мысалдар да соның дәлелі бола алады.

2. Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып, - Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, ***көзін жұмыңқырап, басын жоғары көтере берді.***

-Я, құдай, зар тілегім болсын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. тас бауырлығын бере көрме!..

Я, жасаған! – деп, құрысқан әлсіз ***қолдарымен*** әжімді, мейірімді ***жүзін сипап бата берді*** [2, 46 б.].

-Любимый, светик мой, ягненок ты мой... Не сжалился, говоришь? Не знает он жалости! Она ***подняла к небу лицо с полузакрытыми глазами и прошептала:***

- О боже, прими мое скорбное моление! Огради радость души моей отгубящей злобы отца! Отведи от дитяти жестокость и бессердечность его, создатель наш!.. – Она ***провела по лицу*** беспомощными, старчески скрюченными ***пальцами, благословляя*** внука [3, стр.60].

**Бата беру** - екі қолды бір-біріне түйістіре ұстап, жайылған алақанмен маңдайдан төмен қарай иекке дейін сипалай жүргізіп өту [4, 34 б.].

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іске даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген.

3. Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, ***қаралы теңдерді бұзды. Бұл да жаңағыдай белгі.*** Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен қызы ***оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты*** [2, 264 б.].

По приглашению Байдалы Суюндик с толпою родичей вошел в юрту и ***начал снимать траурное урбанство. Это был второй знак.*** В ту же минуту байбише и две дочери Божая, ***повернувшись спиной к собравшимся, начали поминальный плач*** [3, стр. 225].

Дауыс айту (жоқтау) – қазақтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрі. Біреудің баласы, жанашыр жақыны, сүйген жары, ел қамқоры болған батыры, биі, ханы, т.б. қайтыс болғанда жоқтау өлең айтатын болған. Жоқтау өлең бүкіл елдің, халықтың атынан да, жеке адамның өз атынан да айтылады. Жоқтауда өлген адамның елге, халқына, ағайын-туысқа тірі күнінде жасаған жақсылығы, мінез-құлқы, мырзалық іс-әрекеті жырланады.

4. Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы [2, 239 б.].

Свадьба закончилась этими обрядами, издавны известными под названием «рукопожатие» и «поглаживание волос» [3, стр. 209].

Қол ұстату, шаш сипату - бұлар қазақ халқына тән салттық ишараттар болып табылады. Орыс халқында болашақ келін қызбала мен күйеу жігіттің арасында ондай ырымдар орындалмайтыны белгілі.

5. Бетіне су бүркіп, үшкіріп:

-Кет, бәлекет, кет! Көш баламнан көш! – деп, *батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып*, бірдеме ем істеген болды. *Ұшықтаған еді* [2, 48 б.].

-Сгинь, нечистая сила, сгинь! Оставь сына моего! – говорила она и, *повернув* Абая *лицом к заходящему солнцу*, продолжала свое удивительное лечение, *опрыскивая мальчика водой изо рта* [3, стр. 62].

Ұшықтау - тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау бейвербалды амалы бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Бұл ишарат та жерге не ауаға түкіру арқылы орындалады [5, 84 б.].

Ал аудармада ұшықтауды тек “удивительное лечение” деп берген. Тарихтан белгі Азия халықтары, соның ішінде қазақ елі наным-сенімге барынша сенген.

## II. **Стилистикалық және толыққанды қызметіндегі ым-ишараттар.**

Яғни, түпнұсқа авторының оқырманына айтар негізгі ойы, сөйлем құрылысы, эмоциональды-экспрессивті бояуы, көркемдегіш құралдары, қазақ болмысын таныта білуі, т.б. аудармада да толығымен берілген жағдайда, аударма жұмысы нәтижелі болып табылады. Ым-ишараттарымыз да аударма мен түпнұсқада бар және олар сөйлемдерге ерекше реңк беріп тұрады. Яғни, бұлар стилистикалық жағынан сәйкес келетін, толық мақсатында жұмсалып тұрған ишараттар тобы. Мысалы:

1. Абай:

-Тоғжан, жыламашы! – деп, *шашынан гана сүйіп, қатты құшақтап қысып* тұрғанда, Тоғжан *басын жоғарырақ көтеріп*:

-Көрісейікші бір! Сағындым! – деді [5, 275б.].

-Не плачь, Тогжан, - умолял Абай. Он *поцеловал ее* и на мгновение *прижал к себе*. Она *подняла на него взгляд*:

-Обними меня... Я так соскучилась... [3, стр.234].

Түпнұсқада Тоғжанның *шашынан сүйгені* айтылса, аудармада жай сүйді (поцеловал ее) деген, бұл тұста сөз түсіруді көріп тұрмыз. Сондай-ақ, *қатты құшақтап қысып* тіркесін *прижал к себе* деп аударған. Дұрысы: *обнимая сильно прижал к себе* болу керек.

2. Осының бәрін көп *күрсініп отырып айтқан* Ұлжан Абайға үлкен ой Салды [5, 246б.].

Ұлжан *говорила об этом вздыхая*. Абай мрачно *насунил брови* и *глубоко задумался* [3, стр.214].

*Күрсіну* - вдохнуть [6, 89б.] болса, түпнұсқада Абайға үлкен *ой салды* дегенді *глубоко задумался* деп қана аудармай, жанына түпнұсқада *жоқ насунив брови* деп қосып жіберген. Бұл автор тарапынан қосылған тіркес болып тұр.

3. Құнанбай *қабағын түйіп, тіксіне қарады да, жүрісінен бөгеліп қалды*. [2, 12б.].

Құнанбай *насторожился*. Он *нахмурил брови* и *чуть замедлил шаг* [3, стр.313].

Түпнұсқада бір ғана сөйлем берілген болса, аудармада оны екіге бөліпті және *тіксіне қарау* - жақтырмай, тістеніп қарау болса, аудармада оны *насторожился* деп аударған. Сөздікке жүгінетін болсақ, *насторожиться* - сақ болу, елегізу, елеңдеу, құлақ тігу [6, 53б.].

4. *Бетіне су бүркіп, үшкіріп*:

-Кет, бәлекет, кет! Көш баламнан көш! – деп, *батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып*, бірдеме ем істеген болды. *Ұшықтаған еді* [2, 48б.].

-Сгинь, нечистая сила, сгинь! Оставь сына моего! – говорила она и, *повернув* Абая *лицом к заходящему солнцу*, продолжала свое удивительное лечение, *опрыскивая мальчика водой изо рта* [3, стр.62].

**Ұшықтау** - тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау бейвербалды амалы бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Бұл ишарат та жерге не ауаға түкіру арқылы орындалады [4, 84б.]. Ал аудармада ұшықтауды тек “*удивительное лечение*” деп берген.

5. Зереге дау айтуға батылы бармаса да, Майбасар **ішінен қыжылданып, мойнын сырт қайырып отыр** [5, 254б.]. (аударылмаған)

6. Зере сөзін бітіргенде, Майбасар қасындағы Ұлжан **жеңгесін түртінқойып, ақырын күңкілдеп:**

-Қап, мына тентек кемпір ме! [6, 254.]. (аударылмаған)

7. Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, **қуланып, көзін қысып:**

-Әнебіреу айтқаны кім екен десеңші, тағы бұның? Ана «мылжың» дегенін айтам. Ондай бар ма еді? – деп, тоқтай қап **Жұмандыкөзінің астымен бағып отыр** [6, 254.]. (аударылмаған)

Жоғарыда берілген үш мысалда Зере Ырғызбайдың көпшілігі бас қосқан кеңесінде сөз сөйлейді. Сол кезде ол: «бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншақ, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда – осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын!» - деген сөйлем және соның жалғасы ретіндегі мына мысалдар орыс тіліндегі аудармасында аударылмай, әңгіме бірден ас жайына көшіп кеткен. Бұл аудармашы тарапынан кеткен үлкен салғырттық деуге болады.

8. Бұлар сонда кіре бергенде, жаңа тапқан қызығы шұғыл біткенге наразы боп қалған Оспан арттарынан бұғып кеп, дәл үйге кіре берерде Жиреншені қылтадан қатты **шымшып алды** [2, 40.].

Оспан, обиженный, что его лишили забавного зрелища, тихонько подкрался сзади **ущипнул** Жиренше за икру [3, стр.56].

**Шымшып алу** - ущипнуть-шымшу, шымшып алу, тістеп алу [6, 500.].

9. Абай өзінің қатаң ойларын сыртқа шығарған жоқ, **қабак түйіп**, ішке жиді [5, 246б.].

Абай мрачно **насунил брови** и глубоко задумался [3, стр.214].

**Қабак түйю** - насупиться- 1) қабағын түйю, түксию, кіжірею; 2) жабырқау [6, 538б.].

10. Абай **қолын созды**. 277-б

Абай **протянул руку**. стр.235

**Қол созу** - протянуть - созу, ұсыну (протянуть руку-қол созу) [6, 224б.].

11. Дәрмен *үн салып, жылап жіберді*. 15-б

Маленький Кияспай *заплакал в голос*. стр.315

*Үн салып жылау* - заплакать - жылап жіберу (в голос-үн шығарып жылау) [6, 283б.]. Жоғарыдағы мысалдар калька әдісі арқылы аударылған. Сөзбе-сөз тәсілі (калька)– тілдік бірліктің (сөздің, сөз тіркесінің) сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын нақпа-нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, көркем аударманың мақсаты – шет тілін білмейтін оқырманды сол халықтың шығармаларымен әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, классикалық туындылармен таныстыру. Шығарманың көркемдік ерекшелігін, дербес құрылымдық сипатын, ұлттық колоритін сақтау – аудармашының табысқа жетуінің басты кепілі. Бұдан шығатын қорытынды: аударманың нормасы бұлжымайтын, өзгеруге келмейтін параметр емес. Аударманың нормасы – аударма жауап беруге тиісті талаптардың жиынтығы, ал талаптар әр аударманың коммуникативті-функционалды белгілеріне байланысты әр басқа болады. Аударманың әрбір түрі – жеке адамның шығармашылық қызметінің, ойлау-психикалық іс-әрекетінің жемісі, сол себепті, аударма үлкен еңбек пен жауапкершілікті қажет етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Тіл білімі сөздігі // Жалпы ред. басқ. проф. Э.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 541 б.
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.
3. Ауезов М. Путь Абая. Роман, т.І. Алма-Ата, «Жазушы», 1977. – 608 с.
4. Ешимов М.П. Қазақ ым-ишараттары. Лингвомәдениеттану сөздігі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 104 б.
5. Момынова Б.Қ., Бейсембекова С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133 б.
6. Русско-казахский словарь. 1-том. А-О., 2-том. О-Я. – Алматы: Издательство «Арыс», 2007. – 640 с.

**Резюме**

В данной статье рассмотрены проблемы перевода бейвербальных элементов в романе «Путь Абая».

### **Rezume**

This article examines the problems of translation non-verbal elements in the novel "Abai's Way".